

"Бекітемін"

Мектеп директоры:

Дүйсенбеков Ә.Л.

Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебі

2022-2023 оқу жылындағы мектепшілік ата-аналар жиналысының жоспары

№	Ата-аналар жиналысының тақырыбы	Сыныбы	Өткізілу уақыты	жауапты	орындалуы
1	1.Мектеп директоры Ә.Л. Дүйсенбековтың 2021-2022 оқу жылында атқарылған туралы есебі. 2. Жаңа оқу жылындағы техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық 3. Мектеп психологының ата-аналарға кеңестері	1-11	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Хаттама Сурет жарияланым
2	1."Мектепке жол" акциясы 2.Кітапхана жұмысы, оқушылардың оқулықтармен қамтылуы	1-11	Қыркүйек	Сынып жетекшілер	Хаттама сурет
3	1.1-тоқсан қорытындысы 2.Коучинг "Кибербуллинг дегеніміз не?"	1-11	Қараша	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер	Хаттама сурет
4	1.1-ші жартыжылдықта атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы 2. Жасөспірім арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы 3.Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық	1-11	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі	Хаттама Сурет жарияланым
5	1. 2-ші тоқсан қорытындысы 2. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі 3. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу	1-11	Наурыз	Сынып жетекшілер	Хаттама сурет
6	1. Оқу жылының қорытындысы 2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру 3. Жазғы демалыстағы өмір қауіпсіздігі туралы	1-11	Мамыр	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	Хаттама Сурет жарияланым

ДТЖО Тельгозина А.У.

Исмаилова Ч.С.

Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында ата-аналар қоғамымен атқарылған жұмыс туралы есеп

Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде "Балалар жылы" аясында "Әкелер мектебі" және "Ұлдар клубы" мүшелерінің қатысуымен "Менің спорттық отбасым" тақырыбында спорттық жарыстар өткізілді.

Мақсаты: Әке мен бала арасындағы құндылықтарды сақтау, баланы өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатына жетуге баулу, жанұялық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау.

Жарыс қорытындысы бойынша, бас жүлдені Назарбаев отбасынан құралған «Қыран» тобы иеленді. Жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

Спорт – денсаулық кепілі десек, отбасылық сайыс дені сау ұлттың қалыптасуына ықпал етеді және жарысқа қатысқан әр отбасыға рухани және мәдени мереке сыйлады.



Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде "Отбасы - орта мектеп" тақырыбында ата-аналар форумы өтті. Балалар жылы аясында өткізілген форумда ата-аналардың педагогика-психологиялық, құқықтық сауаттылығы, отбасы құндылығы, балалар құқығы мен қауіпсіздігіне, әлеуметтік желілерге қатысты мәселелер басты тақырыпта болды. Қатысушыларға бала тәрбиесіне байланысты ауқымды ақпарат берілді және ата-аналар баламен қарым-қатынас тақырыптарында жақсы кеңестер алды. Форум соңында мектеп директоры Дуйсенбеков А.Л. ата-аналарға атқарылған жұмыстары туралы есеп беріп, мектеп өміріне белсене қатысқан ата-аналарға алғыс білдірді.





Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Жеңіс" жалпы орта мектебінде кезекті ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа Төлеби АІБ ЖПҚ-ның ЮПТ УПИ қызметкерлері, "Қамқоршылық кеңесі", "Әкелер мектебінің" мүшелері және ата-аналар қатысты. Күн тәртібінде мектеп ұжымының 2022-2023 оқу жылының І-жартыжылдығында атқарған жұмысының есебі, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары және оқушылардың мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуы мен енгізілген өзгерістер туралы мәселелер қаралды.

Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан ұсыныстар, пікірлер білдіріп, сұрақтар қойылды. Жиын соңында мектеп директоры тәрбиелі, білімді, қабілетті тұлға даярлауда ата-аналарды бірлесе жұмыс жасауға шақырды.



Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 16.05.2023 жылғы №229-18/07-04/1420 хатына сәйкес, Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде 4, 9, 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Заңсыз алымдарға тыйым салу туралы» №176-п бұйрығымен таныстыру мақсатында жиналыс өткізілді. Аталған бұйрыққа сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша заңсыз алымдарға қатаң тыйым салынады.

2022-2023 оқу жылындағы соңғы қоңырау мерекесін ұйымдастыруда мектеп қажеттіліктеріне, мерекелік іс-шараларға, мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге сыйлық алуға, және бітіруші 4,9,11 сыныптар қаражат жинауға, қорытынды аттестаттау кезінде мерекелік дастархан ұйымдастыруға, мереке күні көлік мініп серуендеуге, мектеппен қоштасу кешін ұйымдастыруға қатаң түрде тыйым салынатындығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры Ә.Л.Дүйсенбеков жоғарыда айтылған талаптардың орындалуын қадағалауды ескертті

